

## “2020 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 наурыздағы № 52-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 62-2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 қыркүйекте № 7634 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және “Агроенеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы” Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.“2020 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7267 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 жылға Жалағаш ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

1) жұз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.”.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының 62-сессиясының төрағасы      М. Кулболдиев

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы      М. Еспанов